



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

НҰСҚАУЛЫҚ



БЕКТЕМІН


«Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы-Ректор
С.Н.Идрисов
«21» 01 2021ж.

ДЕРБЕС КОМПЬЮТЕРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ КЕЗІНДЕГІ ТЕХНИКА
ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

СМЖ № 132

Атырау 2021ж.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	Дербес компьютермен жұмыс жасау кезіндегі техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	2 - бет, 10 беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	Шаруашылық қызметі басқармасының жетекші маманы	Г.С.Жайлаубаева		20.01.21
Келісілді	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	К.М.Утепкалиева		20.01.21
	«Қазақстандық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Атырау облыстық ұйымы» ҚБ Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті филиалының төрағасы	А.Қ.Ахмет		20.01.21
	Пайдалану және техникалық қызмет көрсету басқармасының жетекшісі	Т.Т.Аманов		20.01.21
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т.Кайшыгулова		20.01.21
	Заң кеңесшісі	К.С.Куанов		20.01.21

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	Дербес компьютермен жұмыс жасау кезіндегі техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	3 - бет, 10 беттен тұрады

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Қысқартулар	4
3	Нормативтік сілтемелер	4
4	Қауіпсіздіктің жалпы талаптары	4
5	Таныстыру парағы	9
6	Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы	10

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	Дербес компьютермен жұмыс жасау кезіндегі техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	4 - бет, 10 беттен тұрады

1 Жалпы ережелер

- 1.1 Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасы "Білім туралы" Заңының, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді. Осы нұсқаулықтың мақсаты – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті профессор-оқытушылар құрамы, студенттер және қызметкерлері үшін қауіпсіз жағдай жасау болып табылады.
- 1.2 Университет нысандарында техника қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік
- құрылымдық бөлімшенің басшысына;
 - төтенше жағдайлар және техника қауіпсіздігі жөніндегі инженерге жүктеледі.
- 1.3 Оқу үдерісі кезінде университеттегі техника қауіпсіздігі талаптарының сақталауын қадағалау:
- құрылымдық бөлімшенің басшысына;
 - төтенше жағдайлар және техника қауіпсіздігі жөніндегі инженерге жүктеледі.
- 1.4 Осы нұсқаулықтың талаптарының орындалуы университетте үнемі немесе уақытша жұмыс жасайтын барлық қызметкерлер, студенттер үшін, университет аумағында өз қызметтерін жүзеге асыратын немесе басқа да себептермен барлық занды және жеке тұлғалар үшін міндетті болып табылады.
- 1.5 Профессор-оқытушылар құрамы, университет қызметкерлері, студенттер осы Нұсқаулықпен таныстырылуы тиісті.

2 Қысқартулар

Осы Нұсқаулықта төмендегідей қысқартулар қолданылады:

- АУ- Атырау университеті
- СМК– сапа мониторингі кеңсесі
- АМЖП – академиялық мәселер жөніндегі проректор
- ҚББ – құрылымдық бөлім басшысы
- ТЖ және ТҚ – төтенше жағдайлар және техника қауіпсіздігі
- ЕҚ – еңбек қауіпсіздігі
- ДК - дербес компьютер
- ЭСТ - электронды-сәулелі түтік
- ТЖ – Төтенше жағдай

3 Нормативтік құжаттар

- 3.1 Қазақстан Республикасының Конституциясы.
- 3.2 Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі.
- 3.3 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің 2015 ж. 30 қарашада №927 бұйрығымен бекітілген «Жұмыс берушімен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нұсқаулықтарын дайындау, бекіту және қайта қарау Ережелері».
- 3.4 АУ Жарғысы.
- 3.5 Университеттің ішкі еңбек тәртібі Ережесі.
- 3.6 ИСО 9001:2015 халықаралық стандарты.

4 Қауіпсіздіктің жалпы талаптары:

- Дербес компьютермен жұмыс жасауға медициналық куәландырудан өткен, кіріспе нұсқаулықтан, алғашқы нұсқаулықтан, жұмыс орнында оқытылған және тағылымдамадан өткен, еңбек қауіпсіздігі талаптары бойынша

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	Дербес компьютермен жұмыс жасау кезіндегі техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	5 - бет, 10 беттен тұрады

білімдері тексерілген, электр қауіпсіздігі бойынша 1-топқа рұқсаты бар тұлғалар жіберіледі.

Дербес компьютермен жұмыс жасағанда қызметкер міндетті:

- Лауазымдық (жұмыс) нұсқаулықпен нақтыланған жұмысты ғана орындауға.
- Ішкі еңбек тәртібі ережелерін орындауға.
- Еңбек түрінің ұзақтығы және қызмет түрінің санатына байланысты еңбек және демалыс режимін сақтау керек.
- Жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарын дұрыс қолдана білу керек.
- Еңбек қауіпсіздігінің талаптарын орындау керек.
- Өндірісте болған адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін кез келген жағдай, әрбір бақытсыз жағдай, немесе өз денсаулығының нашарлауы, соның ішінде өткір кәсіби аурудың белгілері (улану) байқалған кезде, шұғыл түрде өзінің басшысына немесе одан жоғары басшыны хабардар ету керек.
- Жұмысты қауіпсіз атқарудың әдістері мен тәсілдері бойынша және өндірісте алғашқы медициналық көмек көрсету, еңбек қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық, еңбек қауіпсіздігі талаптарын білу бойынша сабақтар алу керек.
- Міндетті (еңбек жолы кезінде) кезеңдік медициналық қарау (тексеру), сонымен қатар, қызмет берушінің жолдамасымен, Еңбек кодексімен және басқа да заңдармен қарастырылған жағдайларда, кезектен тыс медициналық қараудан (тексеру) өту керек.
- Электр тоғынан және басқа да бақытсыз жағдайларда жарақат алғандарға алғашқы медициналық көмек көрсетуді білу керек.
- Алғашқы өрт сөндіру құралдарын пайдалануды білу керек.

Дербес компьютерді пайдаланған кезде қызметкерге төмендегідей қауіпті және зиянды өндірістік факторлер әсер етуі мүмкін:

- электромагнитті сәулелердің жоғары деңгейі;
- статистикалық электрдің жоғары деңгейі;
- ауаның иондануының төмен болуы;
- статикалық физикалық жүктемелер;
- көру талдағыштарындағы асқан кернеу;
- жұмыс орнының жеткілікті жарықтандырылмауы.
- ДК құрылысы, корпусын бұруға және көлденең және тіке жазықтықта ВДТ экранын бақылауды қамтамасыз ететіндей мүмкіндік туғызу керек. Дербес компьютердің дизайны жарықты диффузды шашырататын, корпусын тыныш, жағымды тондарға боялған болуы керек. ДК корпусы, клавиатура және басқа да ДК блоктары мен құрылғылары көрсету коэффициенті 0,4-0,6 болатын күңгірт бетті және жалт пайда болатындай жалтырауық деталдері болмауы керек.
- ВДТ құрылысы жарықты және контрастілікті реттеуішпен жабдықталуы тиіс.

ВДТ–мен жабдықталған, электронды-сәулелі түтік (ЭСТ) негізіндегі ДК пайдаланушылардың жұмыс ауданы 6 м² кем болмауы керек, мәдени ойын-сауық мекемелерінің үй-жайларында және жалпақ дискретты экранды (сұйық кристалды, плазмалы) - 4,5м².

- Халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетін, электронды-сәулелі түтік (ЭСТ) негізіндегі ДК пайдаланған кезде (қосымша құрылғыларсыз – принтер, сканер және басқалар) күніне 4 сағаттан артық емес жұмыс жасайтын пайдаланушыға (үлкен кісі немесе жоғары кәсіптік білім беру оқушысы) минималды ауданы 4,5 м² рұқсат етіледі.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	Дербес компьютермен жұмыс жасау кезіндегі техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	6 - бет, 10 беттен тұрады

- ДК орналастырылған жұмыс орындары бар үй-жайлар пайдаланудың техникалық талаптарына сәйкес келетін қорғаныш жерге қосумен (нөлге қосу) жабдықталуы тиіс.
- Компьютерлер бар жұмыс орындары бір бейнемонитордан келесісінің тыс бетіне дейін 2м кем емес, ал бейнемониторлардың жанындағы қашықтық – 1,2м кем емес болуы керек.
- Жұмыс столдарын бейнедисплей терминалдары жарық түсетін терезелерге жанымен, көбінесе, табиғи жарық сол жақтан түсетіндей болып орналастырылатын болу керек.
- Дербес компьютерлер пайдаланылатын орын-жайлардағы терезелер реттелетін құрылғылармен жабдықталуы тиіс: жалюздер, жапқыштар, сыртқы күнқағарлар және басқалар.
- ДК пайдаланатын орын-жайлардағы жасанды жарық жалпы бірқалыпты жарық жүйесімен жүзеге асырылу керек. Өндірістік және әкімшілік-қоғамдық орын-жайларда, көбінесе құжаттармен жұмыс жасайтын жағдайларда, аралас жарықтандыруды пайдалану керек (жалпы жарықтандыруға қосымша, құжаттардың орналасқан аймағын жарықтандыратын жергілікті жарықтандыру шамдары орналастырылуы мүмкін).
- Бейнемонитордың экраны көзден 600-700мм қашықтықта болуы керек, әліпби мен сандық белгілердің және символдардың өлшемдерін ескере отырып, бірақ 500мм кем емес болуы тиіс.
- Компьютерлік техниканы пайдаланатындар үшін жұмыс жихазы төмендегідей талаптарға сай керек:
- Үстелдің жұмыс беті 680-800мм шамасындағы биікте болу керек; бұндай мүмкіндік болмаған жағдайда үстелдің жұмыс беті 725мм болу керек;
- Жұмыс үстелі аяқтар үшін 600мм кем емес биіктіктегі кеңістікті алуы керек; ені – 500мм кем емес, тізе деңгейіндегі тереңдігі – 450мм кем емес және аяқ созылғандағы деңгейі – 650мм кем емес;
- Жұмыс орындығы (кресло) көтерілу-бұрылысты қамтамасыз ететіндей, биіктігін және отырғыш пен арқалықтың еністік бұрышын реттейтіндей, оның үстіне, әрбір параметрлері тәуелсіз болуы тиіс, жеңіл іске асырылатындай және сенімді бекітілуі тиіс.
- Жұмыс орны аяқтарды қоятын ені 300мм кем емес, кеңістіктігі 400мм кем емес, биіктігін 150мм дейін реттеуге болатын және тұғырдың тіреу бетінің бұрышы 20° дейін, тіреу беті болуы тиіс және алдыңғы жағы биіктігі 10мм тұғырмен жабдықталуы тиіс;
- Пернетақта пайдаланушыға қарайтын жағынан немесе арнайы, биіктігі реттелетін жұмыс беті бар, негізгі үстелден бөлек, үстел бетінде шетінен 100-300мм орналастырылуы тиіс.
- ДК орналастырылған орын-жайларды күн сайын ылғалды жинау және жүйелі түрде, әрбір бір сағат сайын желдету керек;
- Әйел адамдар екіқабаттылығы белгіленнен кейін, ДК байланысы жоқ жұмысқа ауыстырылады немесе ДК жұмыс жасау уақыты шектеулі болуы тиіс (жұмыс ауысымына 3 сағаттан артық емес).
- Жарақат алу жағдайында немесе жайсыз сезіну кезінде, ол туралы жұмыстар жетекшісін хабардар ету жіне медицина мекемесіне жүгіну керек.

4.1 Сабақ басталар алдындағы қауіпсіздік талаптары

- Жұмыс орнын дайындау керек.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	Дербес компьютермен жұмыс жасау кезіндегі техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	7 - бет, 10 беттен тұрады

- Жұмыс орнында жарықты реттеу керек, экран бетінде жалттың жоқ екенін тексеру керек.
- Құрылғылардың электр желісіне дұрыс қосылып тұрғанын тексеру керек.
- Қуат сымдарының жарамдылығын және сымдардың ашық учаскелерінің жоқ екеніне көз жеткізу керек.
- Жүйелік блоктың, монитордың және қорғаныш экранның жермен қосылғандығын тексеру керек.
- Антистатикалық сүрткішпен монитордың экранын және қорғағыш экранды сүрту керек.
- Үстелдің, орындықтың, аяқ қоятын орындықтың, пюпитрдың дұрыс орнатылуын, экранның көлбеу бұрышының, пернетақтаның орналасуы және «тышқанның» арнайы кілемшеде орналасуы, қажет болған жағдайда жұмыс үстелі мен креслоның реттелуі, сонымен қатар, ыңғайсыз жағдайды және дененің ұзақ уақыт бойына шаршауын болдырмау мақсатында, компьютер элементтерінің эргономиканың талаптарына орналасуын

4.2 **Сабақ кезіндегі қауіпсіздік талаптары**

Қызметкерге дербес компьютермен жұмыс жасағанда тиым салынады:

- Жүйелі блоктың (процессордың) артқы панелін желіге қосылып тұрған кезде қолмен ұстауға болмайды;
- Желіге осылып тұрған кезде интерфейс кабелдерін ұяларынан ауыстырып қоюға болмайды;
- Жүйелі блоктың (процессордың), монитордың, пернетақтаның жұмыс бетінің, дисководтардың принтерлердің және басқа да құрылғыларға ылғал тиюін болдырмау;
- Құрылғыларды өз күшімен ашуға және жөндеуге;
- Қаптамасы алынып тасталған компьютерде жұмыс жасауға болмайды;
- Электр құрылғыларды және электр вилкасын желіден бауынан ұстап тұрып суыруға;
- жүйке эмоционалдық шиеленістерді азайту үшін реттелген үзілістер кезінде, көру анализаторының шаршауы кезінде, гиподинамия және гипокинезияның әсерін жою мақсатында, познотоникалық шаршаудың алдын алу үшін, жаттығулар кешенін орындау қажет.

4.3 **Оқыс оқиғалар және экстремалды жағдайлардағы қауіпсіздік талаптары**

- жарактандыру сымның үзілген, жермен қосылудың ақаулары және басқа да ақаулар, күйік иісі сезілген болса, тез арада жұмысты тоқтату, және жетекшіге хабарлау керек.
- ақаулықтар жойылғанға дейін жұмысқа кірісуге болмайды; Өрт, түтін шыққан кезде тез арада:
- **101 және 45-00-00** телефондары арқылы өрт сөндіру бөліміне хабарлау керек, жұмыс жасап отырғандарға хабарлау, құрылым жетекшісін хабардар ету, өрт шығу туралы күзет бекетіне хабарлау керек.
- ғимараттан шығатын қосалқы шығу есіктерін ашу, электрмен жабдықтауды тоқтатып, терезелерді жабу және есіктерді жабу керек;
- өмірге қауіп туғызатындай жағдай болмаса, алғашқы өрт сөндіру құралдарымен өрт сөндіруге кірісу керек;
- өрт сөндіру командасын қарсы алуды ұйымдастыру керек;
- ғимаратты босату және эвакуациялау аймағында болу керек.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	Дербес компьютермен жұмыс жасау кезіндегі техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	8 - бет, 10 беттен тұрады

4.4 Бақытсыздық жағдайда:

- Жарақат алушыға шұғыл түрде алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастыру және қажет болған жағдайда, медицина мекемесіне жеткізу керек.
- Апаттық немесе басқа да төтенше жағдайдың дамуының алдын алу және басқа тұлғалардың жарақат алу қаупін болдырмау үшін жедел шаралар алу керек.
- Басқа тұлғалардың өмірі мен денсаулығына зиян келмейтін және апатқа, апаттық жағдайларға немесе басқа да басқа да төтенше жағдайларға әкелмейтін болса, жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру басталғанға дейін оқиға орнын сол күйінде қалдыру керек, егер сол қалпында қалдыру мүмкін болмаған жағдайда - қалыптасқан жағдайды тіркеу керек (сызбалар дайындау, басқа да шаралар өткізу керек).

4.5 Сабақ аяқталғаннан кейінгі қауіпсіздік талаптары

- Компьютерді электр желісінен суырып қою керек.
- Жұмыс орнын жинап қою керек.
- Көз және қолдың саусақтарына жаттығулар жасау керек.

Профессор-оқытушылар, қызметкерлер мен білім алушылар ішкі тәртіп ережелерін, санитарлық-эпидемиологиялық режимді, өрт қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігін сақтауға жауапты.

Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Басқарма Төрағасы-Ректордың рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолымен құжат түрінде бекітіледі. Түпнұсқаға және есептік жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Нұсқаулықтарды әзірлеу тәртібі талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Түпнұсқа мен есептік жұмыс даналарына түзетулер мен толықтырулар енгізуге Шаруашылық қызметі басқармасының жетекші маманы мен Төтенше жағдайлар және техника қауіпсіздігі жөніндегі инженер жауапкершілікте болады.

Нұсқаулық қажеттілік туындаған жағдайда қайта қарастырылады.

Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіздер мыналар болады:

- заңды күші бар нормативтік-құқықтық актілерге қайта енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- Басқарма Төрағасы-Ректор бұйрықтары;
- құрылымдық бөлімшелер арасындағы міндеттерді қайта бөлулер;
- құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру.

Ұйымның атауы өзгерулері кезінде немесе құрылымдық бөлімше атауы өзгерген кезде Нұсқаулық ауыстырылуы тиіс.

Ауыстыру кезінде күші жойылған Нұсқаулықтың университетте бар барлық даналары алынып тасталады және жаңасымен ауыстырылуы керек.

Күші жойылған Нұсқаулықты алмастыруға және алып тастауға ҚББ және ТЖ және ТҚ жөніндегі инженер жауапты.

Нұсқаулықты Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық талаптарға және ИСО 9001:2015 ХС сәйкес келістіруді СМК жүзеге асырады.

Нұсқаулықты шаруашылық қызметі басқармасының жетекші маманы дайындайды.

Нұсқаулық Басқарма Төрағасы-Ректормен бекітіледі және оның өзгертілуіне дейін әрекет етеді.

Нұсқаулықтың есептік жұмысшы даналарының бөлімшелерде сақталуына жауапкершілік ҚББ тиесілі.

